ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ ЖБ-Н-6476 БҰЙРЫҒЫ
2023 ж. «14» «11»
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № ЖБ-Н-6476
«14» «11» 2023 г.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің шешімімен бекітілді
(Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы «23» қазан № 83 қаулысы)

# «БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 2023 жыл

СМ. НА ОБОРОТЕ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2013 жылғы 1 тамыздағы № 575 бұйрығымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қоғам акционерлік қоғам нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады, коммерциялық емес ұйым және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына, Қоғам органдарының және лауазымдық тұлғаларының құзыреті шегінде белгіленген тәртіпте қабылданған шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.»;

7-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қоғам қызметінің негізгі мәні міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызу мен есепке алу және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) міндетті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру;

2) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру;

3) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру;

4) ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру;

5) «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің

талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызу және есепке алу;

6) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру болып табылады.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Қызметті жүзеге асыру барысында Қоғам:

1) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуға;

2) «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуды және есепке алуды жүзеге асыруға;

3) зейнетақы төлемдерін алушыларға және (немесе) уәкілетті операторға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға;

4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен зейнетақы жинақтарын, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын және төлемдерді жеке есепке алуды жүзеге асыруға;

5) өз атына жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып:

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 262-бабы 5-тармағының ережелерін ескере отырып, Қоғамда жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұратылған күнге оның сұратуы бойынша зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы;

міндетті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қолжетімді сомасы туралы;

міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қолжетімді сомасы туралы ақпаратты ақы алмай беруге міндетті.

Қоғамның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару, тоқтату мәселелері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, төлеу және қайтару мәселелері бойынша уәкілетті оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

8) Қоғам мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арасында жасалған келісімде белгіленген тәртіппен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен Қоғамның инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында жариялауға;

10) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және көлемде, инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде Қоғам зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасқан инвестициялық портфельді басқарушылар тізбесін жария етуге;

11) жыл сайын келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында алдағы жылға есептелген және қолданылатын зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шектерін жариялау жолымен орналастыруға;

12) міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға) зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызмет көрсетуге;

13) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;

14) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуға;

15) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына аударуға;

16) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы

активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге;

17) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына аударуға;

18) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасуға;

19) инвестициялық портфельді басқарушымен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушымен және кастодиан банкпен кастодиандық шарт жасасуға;

20) өзі үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға;

21) уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өзінің қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Бұл ретте бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар бойынша кірістерге берілетін кепілдіктер немесе уәделер қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді;

22) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің қарауына Қоғамның  қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;

23) барлық міндетті зейнетақы жарналары салымшыларына, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға) тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

24) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасуды жүзеге асыруға;

25) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын тәртіппен сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

26) өз қызметінде сертификатталған жабдық пен бағдарламалық қамтылымды пайдалануға;

27) ақпарат сақтауға арналған резервтік орталығы болуына;

28) Қоғамның өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық, коммуникациялық жүйелер мен технологияларды қоса алғанда, бағдарламалық-техникалық қамтылымға үш жылда бір реттен сиретпей аудит жүргізуге;

29) өз атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпаратты ақы алмай беруге міндетті.

Қоғамның көрсетілген ақпаратты ұсыну тәсілі Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады;

30) ішкі аудит қызметінің болуына;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.»;

19-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, атына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қоғамға:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген қызмет түрлерін қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Жарғының 18-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген міндеттерді орындау үшін Қоғам еңбек шартын жасамаған не Ұлттық пошта операторымен шарт жасаспаған адамдарды тартуға;»;

38-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;»;

48-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Жалғыз акционердің және міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау;»;

49-тармақтың 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«27) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың активтерімен жұмысын ұйымдастыруды және зейнетақы активтерінің есебін регламенттейтін ішкі құжаттарды бекіту;»;

51-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тәуелсіз директорлар Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, Қазақстан Республикасының Заңында және басқа да құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.»;

52-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Директорлар кеңесінің құрамына тұрақты негізде дауыс беру құқығымен Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылық етуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның өкілдері кіреді.»;

53-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға жауап бермейтін адам, сондай-ақ бір уақытта ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкері немесе лауазымды адамы болып табылатын және (немесе) Қоғам алдындағы қандай да бір төлемдер немесе басқа да міндеттемелер бойынша берешегі бар және (немесе) Қоғаммен құқықтық дауға немесе сот процесіне тартылған Қоғамның қызметкері немесе лауазымды адамы (егер Директорлар кеңесі Төрағасының ерекше мақұлдауы алынбаса) Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.»;

60-тармақта:

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Ішкі аудит қызметі, корпоративтік хатшы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережелерді қоспағанда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;»;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) Қоғамның Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің құрамына кіретін қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Басқарма Жалғыз акционердің және міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың мүддесіне әрекет етеді және өз қызметінде Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарма Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма өзінің қызметінде кәсібилік, адалдық, парасаттылық және сақтық қағидаттарын басшылыққа алады.»;

61-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қоғамның корпоративтік хатшысын, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін (Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолданады, Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібін, мөлшерін белгілейді;»;

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«72. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, Занда, «Бағалы қағаздар рыноғы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде жария етеді.»;

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«79. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі Қоғамның акциялар пакетін заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға береді.».

**Басқарма Төрағасы** **Ж.Б.Курманов**

Утверждены
решением единственного акционера
акционерного общества «Единый
накопительный пенсионный фонд»
(постановление Правления
Национального Банка Республики
Казахстан от «23» октября 2023 года
№83)

# ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЕ В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ЕДИНЫЙ НАКОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД»

**Республика Казахстан, город Астана, 2023 год**

В Устав акционерного общества «Единый накопительный пенсионный фонд», утвержденный приказом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 1 августа 2013 года № 575, внести следующие изменения и дополнение:

часть первую пункта 5 изложить в следующей редакции:

«5. Общество является юридическим лицом, созданным в форме акционерного общества, является некоммерческой организацией, и осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Социальным кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», «Об акционерных обществах», а также иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом, внутренними документами Общества, решениями органов и должностных лиц Общества, принятыми в установленном порядке в пределах их компетенции.»;

пункт 7 исключить;

пункт 8 изложить в следующей редакции:

«8. Основным предметом деятельности Общества является осуществление привлечения обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя (с 1 января 2024 года), обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», и обеспечение осуществления пенсионных выплат.»;

пункт 9 изложить в следующей редакции:

«9. Единственным акционером Общества в соответствии с Социальным кодексом Республики Казахстан является Правительство Республики Казахстан.»;

пункт 16 изложить в следующей редакции:

«16. Основными видами деятельности Общества являются:

1) осуществление привлечения обязательных пенсионных взносов;

2) осуществление привлечения обязательных профессиональных пенсионных взносов;

3) осуществление привлечения обязательных пенсионных взносов работодателя с 1 января 2024 года;

4) осуществление привлечения добровольных пенсионных взносов;

5) зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан»;

6) осуществление пенсионных выплат.»;

пункт 18 изложить в следующей редакции:

«18. В процессе осуществления деятельности Общество обязано:

1) привлекать обязательные пенсионные взносы, обязательные пенсионные взносы работодателя, обязательные профессиональные пенсионные взносы;

2) осуществлять зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан»;

3) осуществлять пенсионные выплаты получателям пенсионных выплат и (или) уполномоченному оператору в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан;

4) осуществлять индивидуальный учет пенсионных накоплений, в том числе находящихся в доверительном управлении управляющего инвестиционным портфелем, в порядке, определенном нормативным правовым актом уполномоченного органа по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – уполномоченный орган), и выплат;

5) без взимания платы предоставлять физическому лицу, на имя которого открыт индивидуальный пенсионный счет, информацию с учетом положений, предусмотренных статьей 55 Социального кодекса Республики Казахстан:

о состоянии пенсионных накоплений по его запросу на любую запрашиваемую дату с даты открытия индивидуального пенсионного счета в Обществе, в том числе с учетом положений пункта 5 статьи 262 Социального кодекса Республики Казахстан;

о сумме пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, доступной для осуществления единовременных пенсионных выплат;

о сумме пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, доступной для передачи в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем.

Способ предоставления Обществом указанной информации о состоянии пенсионных накоплений определяется внутренними документами Общества;

6) осуществлять взаимодействие с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» по вопросам учета, перевода, возврата, прекращения пенсионных выплат в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан;

7) осуществлять взаимодействие с уполномоченным оператором по вопросам учета, перевода, оплаты и возврата единовременных пенсионных выплат в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан;

8) осуществлять взаимодействие с организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в порядке, установленном соглашением, заключенным между Обществом и организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов;

9) публиковать на собственном интернет-ресурсе сведения о структуре инвестиционного портфеля Общества за счет пенсионных активов в порядке и сроки, которые установлены нормативным правовым актом уполномоченного органа;

10) раскрывать информацию об управляющих инвестиционным портфелем, в том числе перечень управляющих инвестиционным портфелем, с которыми Обществом заключены договоры о доверительном управлении пенсионными активами, в порядке и объеме, установленных нормативным правовым актом уполномоченного органа;

11) ежегодно не позднее пяти рабочих дней после официального опубликования закона о республиканском бюджете на следующий финансовый год размещать в средствах массовой информации путем публикации не менее чем в двух печатных изданиях на казахском и русском языках, а также на собственном интернет-ресурсе пороги минимальной достаточности пенсионных накоплений, рассчитанные и действующие на предстоящий год;

12) оказывать безвозмездные консультационные услуги вкладчикам обязательных пенсионных взносов, физическим лицам, за которых перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы (получателям пенсионных выплат) по вопросам функционирования пенсионной системы и деятельности по управлению инвестиционным портфелем;

13) обеспечивать конфиденциальность информации о состоянии пенсионных накоплений вкладчика обязательных пенсионных взносов, физического лица, за которого перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы (получателя пенсионных выплат);

14) нести ответственность за нарушение норм Социального кодекса Республики Казахстан в соответствии с законами Республики Казахстан;

15) переводить пенсионные накопления вкладчика обязательных пенсионных взносов, физического лица, за которого перечислены обязательные

профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы (получателя пенсионных выплат) в страховую организацию в порядке, предусмотренном Социальным кодексом Республики Казахстан и нормативным правовым актом уполномоченного органа;

16) передавать пенсионные активы в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем в порядке, предусмотренном Социальным кодексом Республики Казахстан и нормативным правовым актом уполномоченного органа;

17) осуществлять перевод пенсионных активов из доверительного управления управляющего инвестиционным портфелем в доверительное управление Национального Банка Республики Казахстан в порядке, предусмотренном Социальным кодексом Республики Казахстан и нормативным правовым актом уполномоченного органа;

18) заключать договор о доверительном управлении пенсионными активами с Национальным Банком Республики Казахстан;

19) заключать договор о доверительном управлении пенсионными активами с управляющим инвестиционным портфелем, а также кастодиальный договор с управляющим инвестиционным портфелем и банком-кастодианом;

20) переводить пенсионные накопления физического лица, за которого перечислены добровольные пенсионные взносы (получателя пенсионных выплат), за счет добровольных пенсионных взносов в добровольный накопительный пенсионный фонд в порядке, предусмотренном Социальным кодексом Республики Казахстан и нормативным правовым актом уполномоченного органа;

21) публиковать в средствах массовой информации и размещать на собственном интернет-ресурсе финансовую отчетность и аудиторский отчет в порядке и сроки, которые установлены уполномоченным органом и законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности, иную отчетность и информацию о своей деятельности в порядке, определенном уполномоченным органом. При этом не допускается публикация информации, содержащей гарантии или обещания доходов по взносам в единый накопительный пенсионный фонд, а также иных сведений, запрещенных законодательством Республики Казахстан;

22) представлять ежегодный отчет о деятельности Общества для рассмотрения Совету по управлению Национальным фондом Республики Казахстан;

23) обеспечивать равные условия всем вкладчикам обязательных пенсионных взносов, физическим лицам, за которых перечислены обязательные пенсионные взносы работодателя, обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы (получателям пенсионных выплат);

24) с 1 января 2024 года осуществлять обмен данными по договорам пенсионного аннуитета с организацией по формированию и ведению базы данных по страхованию в порядке и сроки, которые определяются уполномоченным органом;

25) с 1 января 2024 года осуществлять взаимодействие с организацией по формированию и ведению базы данных по страхованию в порядке, определяемом нормативным правовым актом уполномоченного органа;

26) использовать в своей деятельности сертифицированные оборудования и программное обеспечение;

27) иметь резервный центр для хранения информации;

28) проводить аудит программно-технического обеспечения, включая информационные, коммуникационные системы и технологии, используемые Обществом в своей деятельности, не реже одного раза в три года;

29) без взимания платы предоставлять физическому лицу, на имя которого открыт условный пенсионный счет, информацию об обязательных пенсионных взносах работодателя.

Способ предоставления Обществом указанной информации определяется внутренними документами Общества;

30) иметь службу внутреннего аудита;

31) исполнять иные обязанности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.»;

в пункте 19:

абзац первый части первой изложить в следующей редакции:

«19. В целях защиты прав и интересов вкладчиков обязательных пенсионных взносов, физических лиц, за которых перечислены обязательные пенсионные взносы работодателя, обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы (получателей пенсионных выплат) Обществу запрещаются:»;

подпункт 1) изложить в следующей редакции:

«1) осуществление иной предпринимательской деятельности, за исключением видов деятельности, предусмотренных Социальным кодексом Республики Казахстан;»;

подпункт 9) изложить в следующей редакции:

«9) привлечение для исполнения обязанностей, указанных в подпункте 12) пункта 18 Устава, лиц, с которыми Обществом не заключен трудовой договор либо договор с Национальным оператором почты;»;

пункт 38 дополнить подпунктом 5-1) следующего содержания:

«5-1) утверждение Положения о Совете директоров Общества, а также изменений и дополнений в него;»;

подпункт 1) пункта 48 изложить в следующей редакции:

«1) обеспечение реализации интересов и защита прав Единственного акционера и вкладчиков обязательных пенсионных взносов, физических лиц, за которых перечислены обязательные пенсионные взносы работодателя, обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы, получателей пенсионных выплат;»;

подпункт 27) пункта 49 изложить в следующей редакции:

«27) утверждение внутренних документов, регламентирующих организацию работы с активами вкладчиков обязательных пенсионных взносов, физических лиц, за которых перечислены обязательные пенсионные взносы работодателя, обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы, получателей пенсионных выплат и учет пенсионных активов;»

часть вторую пункта 51 изложить в следующей редакции:

«Независимые директора должны соответствовать требованиям, установленным Социальным кодексом Республики Казахстан, Законом и иными правовыми актами Республики Казахстан.»;

часть первую пункта 52 изложить в следующей редакции:

«52. В состав Совета директоров на постоянной основе с правом голоса входят представители Национального Банка Республики Казахстан и центрального исполнительного органа, осуществляющего руководство и межотраслевую координацию в сфере социальной защиты населения в соответствии с законодательством Республики Казахстан, избираемые в состав Совета директоров Общества в порядке, установленном Законом.»;

часть первую пункта 53 изложить в следующей редакции:

«53. Не может быть членом Совета директоров лицо, не отвечающее требованиям, установленным Социальным кодексом Республики Казахстан, иными правовыми актами Республики Казахстан, а также работник или должностное лицо Общества, который одновременно является работником или должностным лицом добровольного накопительного пенсионного фонда и (или) имеет задолженность по каким-либо платежам или по другим обязательствам перед Обществом и (или) вовлечен в правовой спор или судебный процесс с Обществом» (если только не получено особое одобрение Председателя Совета директоров);

в пункте 60:

подпункт 15) изложить в следующей редакции:

«15) утверждает положения о структурных подразделениях Общества, за исключением положений о Службе внутреннего аудита, корпоративном секретаре и антикоррупционной комплаенс-службе;»;

подпункт 16) изложить в следующей редакции:

«16) утверждает должностные инструкции работников Общества, за исключением должностных инструкций работников, входящих в состав

Правления, Службы внутреннего аудита и антикоррупционной комплаенс-службы Общества;»;

часть вторую изложить в следующей редакции:

«Правление действует в интересах Единственного акционера и вкладчиков обязательных пенсионных взносов, физических лиц, за которых перечислены обязательные пенсионные взносы работодателя, обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы, получателей пенсионных выплат, и в своей деятельности подотчетно Единственному акционеру и Совету директоров Общества. Правление обязано исполнять решения Единственного акционера и Совета директоров Общества. В своей деятельности Правление руководствуется принципами профессионализма, честности, добросовестности, разумности и осмотрительности.»;

подпункт 4) пункта 61 изложить в следующей редакции:

«4) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Общества (за исключением случаев, установленных Законом), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает порядок, размеры оплаты труда и премирования работников Общества, за исключением корпоративного секретаря Общества, работников, входящих в состав Правления, Службы внутреннего аудита и антикоррупционной комплаенс-службы Общества;»;

пункт 72 изложить в следующей редакции:

«72. Общество осуществляет раскрытие информации на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, в объеме, порядке и сроки, установленные Социальным кодексом Республики Казахстан, Законом, Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» и нормативными правовыми актами уполномоченного органа.»;

пункт 79 изложить в следующей редакции:

«79. Пакет акций Общества, принадлежащий Правительству Республики Казахстан, в соответствии с Социальным кодексом Республики Казахстан передается в установленном законодательством порядке в доверительное управление Национальному Банку Республики Казахстан уполномоченным органом по государственному имуществу.».

**Председатель Правления** **Курманов Ж.Б.**

Курманов Жанат Бостанович

Республика Казахстан , город Алматы,
Восьмое ноября две тысячи двадцать третьего года.

Я, Хасенова Гайни Сариевна, нотариус города Алматы, действующий на основании государственной лицензии № 0000384,выданной Министерством юстиции Республики Казахстан от 03 апреля 1999 года свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления Акционерного общества « Единый накопительный пенсионный фонд » ( БИН 971240002115 ) г-на Курманова Жаната Бостановича, ( ИИН 620222301480) ,которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия , правоспособность Акционерного общества « Единый Накопительный Пенсионный Фонд» проверены.
Удостоверено с выездом по адресу: г.Алматы, мкрн. Самал-2, дом 97, н\п 13 время 16-00 час.

Зарегистрировано в реестре: 282
Взыскано: 3795-00 тенге
Нотариус:

ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО
на 16 стр.
Нотариус

ES9501876231108155736D63114A
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия